

«Жаңа жыл ғажайыптары» комикстер республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта білім беретін мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Жаңа жыл ғажайыптары» комикстер республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – білім алушыларды шығармашылық сарынға тарту, бейнелеу өнері саласындағы дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Байқау міндеттері:

қатысушылардың әдеби, көркемдік шығармашылықтарын қолдау;

қатысушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын және бейнелі ойлау қабілетін дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2016 жылғы 25 желтоқсан мен 2017 жылғы 25 қаңтарға дейін onlinekonkurs@mail.ru** электронды поштасына қабылданады. **2017 жылғы 25 қаңтардан кейін** түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2017 жылғы 10 ақпанда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «**Жаңа жыл ғажайыптары**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін **onlinekonkurs@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

9. Байқауға 8-17 жас санаттарындағы білім алушылар қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-10 жас;

орта жастағы санат: 11-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) «Жаңа жыл кешінде Аяз Ата мен Ақшақардың бастан кешкендері»;
- 2) «Родежстволық дәстүрлер»;
- 3) «Лапландияға ғажайып саяхат»

11. Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық сахналарының көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кемсітетін кез келген ақпарат болмауы қажет.

Ресімдеуге қойылатын талаптар: Байқауға қолдан салынған, 2-10 суреттерден тұратын, бір бетке (формат А4) ресімделген комикстер қабылданады.

12. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

конкурс тақырыбына, мақсатына және талаптарына сай болу;

конкурстың тақырыбын ашу;

жаңажылдық көрініс енгізу;

сюжет әзілі, креативтілігі, сонылығы;

жұмысты ресімдеу, түс гаммасының бейнелігі және бірқалыптылығы;

стилі (комикстік ресімделу, қойылымдардың байланысы, қажетті енгізулер және суреттердің қағаз бетіндегі үйлесімділігі).

Байқауға тек жеке жұмыстар және бір қатысушыдан бір немесе екі жұмыстан артық қабылданбайды .

13. Байқау жұмысының бас парағын толтыру реті. Байқау жұмысының бас парағы келесі ақпараттарды қамтуы керек:

- автордың аты-жөні;
- қатысушының жасы;
- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымының аталуы;

- байланыс телефоны;
- жетекшісінің аты-жөні.

«Жаңа жыл ғажайыптары» атты жарыс соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында (Зияткер → «Ұрпақ +» клубы → Республикалық қашықтықтан өткізілетін байқаулар жеңімпаздарының жұмыстары → әрі қарай → «Жаңа жылдық ғажайып» байқауы → ашу) жарияланады.

14. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында көркемдік-эстетикалық бағыттағы «Ақындар мен жазушылар», «Акварель» атты клубтар қауымдастығының мүшесі болуы тиіс («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы).

4. Байқауды қорытындылау

15. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. **Анықтама телефоны:** +7 (7172) 249 303 («Жаңа жыл ғажайыптары» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Жаңа жыл ғажайыптары» байқауы → әрі қарай.

Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы ұсыным

Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)	Жетекшісінің аты-жөні
1	2	3	4